



«Бекітемін»

ББМ «Аяжан» колледжінің
директоры
Құрымбаева К.Қ.
2023 ж.



Әдістемелік кеңес жұмысы жөніндегі ереже

Мазмұны:

1. Жалпы ережелер
2. Әдістемелік кеңес жұмысының негізгі бағыттары
3. Әдістемелік кеңесті қалыптастыру, кеңестің құрамы және оның жұмысын ұйымдастыру
4. Қызметтік міндеттері
5. Құқықтары
6. Жауапкершілігі

1. Жалпы ережелер

1.1. Әдістемелік кеңес әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мен үйлестіру мақсатында қалыптастырылған алқалық кеңесші ұйым.

1.2. Әдістемелік кеңес өз жұмысында лицейдің барлық оқу бөлімдерімен өзара әрекет етеді.

1.3. Әдістемелік кеңес лицей әкімшілігі мен әдістемелік бірлестіктермен тығыз байланыста жұмыс жасайды.

1.4. Әдістемелік кеңес жұмысын Қазақстан Республикасының заңнамасына, директор бұйрықтары мен директордың теориялық оқу жөніндегі орынбасарының өкімдеріне, 29.11.07 ж №583 оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру ережелеріне және осы Ережеге сәйкес атқарады.

2. Әдістемелік кеңес жұмысының негізгі бағыттары

- Колледждегі оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың жалпы қағидаларын, бағыттарын және болашағын анықтау;
- Колледждегі әдістемелік жұмыстың жағдайына талдау жасау;
- Үздік әдістемелік даярламаларды талдау және жалпылау, оларды оқу үрдісіне енгізудің жолдарын анықтау;
- Біліктілікті арттыру, өзіндік білім көтерудің ағымдағы және болашақ жоспарларын талқылау мен бекіту;
- Колледждегі өткізілетін тұсаукесерлер мен байқауларды ұйымдастыруға қатысады.

3. Әдістемелік кеңесті қалыптастырудың реті, әдістемелік кеңестің құрамы және оның жұмысын ұйымдастыру

3.1. Әдістемелік кеңес колледж директорының бұйрығымен біліктілігі жоғары және әдістемелік жұмыс тәжірибесі мол, жоғары білікті дәрігерлер мен

оқытушылардан құралады. Әдістемелік кеңеске оқытушылар мен жоғары білікті дәрігерлер, әкімшілік мүшелері және әдістемелік бірлестіктердің төрағалары кіреді.

3.2. Әдістемелік кеңесті төраға басқарады. Төраға болып директордың оқу жөніндегі орынбасары болып табылады.

3.3. Әдістемелік кеңестің хатшысы ұйымдастырушылық және техникалық жұмыстарды атқарады, отырыстарға материалдар дайындауды қамтамасыз етеді. Әдістемелік кеңестің хатшысы болып әдіскер табылады.

3.4. Әдістемелік кеңестің өкілеттілік мерзімі – 5 жыл.

3.5. Әдістемелік кеңестің отырыстары әдістемелік жұмыстың жоспары бойынша өткізіледі. Отырысқа белгілі бір сұрақтарды талқылауға қажетті адамдарды шақыруға болады.

3.6. Әдістемелік кеңестің шешімі отырысқа құрам мүшелерінің 2/3 қатысқан жағдайда заңды болып табылады.

3.7. Шешім көпшілік дауыспен қабылданады және отырыстың хаттамасына енгізіледі. Хаттамаға төраға мен хатшы қол қояды.

3.8. Әдістемелік кеңестің отырыстары 2 айда бір рет өткізіледі.

4. Әдістемелік кеңестің қызметтік міндеттері

4.1. Әдістемелік жұмыстардың жоспарын қарастыру және бекіту.

4.2. Оқу-әдістемелік кешендердің сапа өлшемдерін және оқу -әдістемелік материалдарды дайындауға арналған ұсыныстар жасау.

4.3. Оқу-әдістемелік жұмыстарға байланысты нормативті құжаттарды қарастыру және бекіту;

4.4. Құрылымдық бөлімдер, байқаулар, конференциялар, рейтинг және т.б. туралы ережелерді қарастыру және бекіту;

4.5. Сабақтар мен сабақтан тыс іс-шаралардың әдістемелік даярламаларын қарастыру және бекіту;

4.6. Дәрігер-педагог қызметкерлерді аттестаттау рәсіміне қатысады.

4.7. Оқу-тәрбиелеу үрдісін жетілдіру мен педагогтарға тәжірибелік көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік жұмыстардың әр-алуан түрлерін дайындау мен өткізуге қатысады.

4.8. Теориялық және тәжірибелік оқу сабақтардың сапасына, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің жетістіктерінің деңгейіне талдау жасау.

4.9. Оқытушылар мен өндірістік оқу шеберлерінің үздік, озат тәжірибесімен және оларды шығармашылықпен қолданумен таныстыру;

4.10. Оқушыларды өздік жұмыстармен әдістемелік қамтамасыз етуді даярлау .

4.11. Оқушылардың білімдерін бақылау материалдарын даярлау және сараптау.

4.12. Қазақ , орыс және шет тілдерді оқытуға арналған ұсыныстарды даярлау.

4.13. Оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік құралдарды басылымға дайындауды ұйымдастырады.

5. Әдістемелік кеңестің құқықтары

5.1. Әдістемелік кеңестің төрағасы әдістемелік кеңестің жұмысына қатысты сұрақтар бойынша барлық қажетті құжаттарды сұрауға құқылы.

6. Жауапкершілігі

6.1. Әдістемелік кеңестің шешіміне оқытушылар, өндірістік оқу шеберлері, колледж әдіскері, әдістемелік бірлестіктердің төрағалары жауапты болып табылады.